


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК



№2 Наурыз
2021

	Тәрбиеші: Балалар мына логикалық тапсырмаларды дұрыс орындап беріндерші. (проектрден көрсетеді). II. Логикалық эзіл есептер: 1. Шыршада неше алма өсіп тұр? 2. Бос кеседе канша кэмпит бар? 3. Қоршаудан тышканның 4 кұлағы көрініп тұр. Қоршаудың артында канша тышқан тұр? Есепте: 	Балалар барлық сұрақтар бойынша жауап береді
	Тәрбиеші: Керемет, балалар сендер мұнда уақыттарыңды бос өткізбегендерің көрініп тұр. Жарайсыңдар. Көзіміз талған шығар кане көз жаттығуын орындайық. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, өте дұрыс тапқырлық таныттыңдар. енді біздің балалардың шеберлік, шығармашылық қабілеттерін бірге тамашалайық. Шығармашылық сэт: балалар үш топқа бөлініп, сурет салу, жапсыру, мүсіндеуден өз жұмыстарын жасайды. 	Балалар кимылмен сергіту сәтін жасайды.
Жетекші жөндеуші	- Балалар біз бүгін қандай тапсырмалар орындадық? Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар ендеше қонақтармен коштасайық.	- балалар сұраққа жауап берді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: оқи, жазып, санап, есеп шығара білу керек.
Қалыптасқан түсініктер: сөз, сөйлем, есеп туралы түсініктері.
Орындаушылық қабілеті: қойылған сұрақтарға орынды жауап бере алады.

Сабденова Гульжайна Кудайбергеновна
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Шымкент қаласы

КЕЛ, ОЙНАЙЫҚ

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, сұрақ – жауап арқылы балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Мультфильм кейіпкерлерін сомдап, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Міндеті: Балалардың ойлау іскерліктерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, мультфильм кейіпкерлері, көпір, тау және тасбақа бейнесі, түлкінің үйі, сыйлық қорапшасы және мадақтамалар.

Әдіс тәсіл: Сұрақ-жауап.

Блингвалдық компоненттер: Түлкі-лиса, жылан-змея, тасбақа-черепаха.

Инклюзивтік әлеумет: Ұйымдастырылған оқу – іс – әрекетіне қызығушылығы төмен балаларды жанымызға алып, бірлесе жұмыс жасау.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Тілек шеңбері: Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық Келіп қалған қонакпен. Иіліп сәлем салайық. Бізбен бірге бар әлем,	Тілек шеңберінде қонақтармен сәлемдесіп, бір-біріне жақсы тілектер айтады.